

**«Вето құқығы: қазақстандық тәжірибе және шетелдік дағды» атты тақырыптағы
«8D04203-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған
Бискультанова Альбина Маулетказыевнаның диссертациясына берілген
PhD докторы Мырзатаев Нұрмұхамед Дәулеткелдіұлының ресми**

СЫН-ПІКІРІ

| №п /п | Критерийлер | Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек) | Ресми сын-пікір берушінің ұстанымын негіздеуі |
|-------|---|--|--|
| 1. | Диссертация тақырыбы (оның бекітілу күніне сай),бағыттарын, ғылымды дамыту және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келетіндігі | <p>Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе нысаналы бағдарлама шеңберінде орындалды (жобаның немесе Бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету)</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалды (бағдарламаның атауын көрсету)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағыт көрсетілсін)</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттарына толығымен сәйкес келеді. Отандық заң ғылымында вето құқығы осы уақытқа дейін арнайы зерттеудің нысанына айналған жоқ. Диссертациялық жұмыста, автор осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат ете отыра, алғаш рет кешенді тұрғыда арнайы вето құқығын зерттеуге ұмтылуда. Диссертациялық жұмыста, вето құқығының тарихи-құқықтық даму эволюциясы, оның әлемдік тәжірибедегі орны және Қазақстанда қолданылу ерекшеліктері жүйелі түрде талдауға түседі. Бұл диссертациялық жұмыстың жалпы мемлекеттік бағдарламаларда маңызды екендігін айқындауға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомар Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауларында «Президент институтын» одан әрі жетілдіруге ерекше мән берілгені баршамызға мәлім. Диссертациялық жұмыс осы тұрғыдан алып қарағанда, мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалардың талаптарына сәйкес және ғылымды дамытудың басым бағыттарының талаптарын қанағаттандырады.</p> |
| 2 | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады/қоспайды және оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған | <p>Диссертациялық жұмыстың отандық заң ғылымы үшін маңызы өте жоғары. Себебі, вето құқығы алғаш рет кешенді тұрғыда өз алдына зерттелгендіктен, оның ғылыми жаңалықтары отандық заң ғылымында айқын болып табылады. Мемлекет және құқық теориясы мен конституциялық құқықты, одан әрі ғылыми тұрғыда дамытуда диссертациялық жұмыстың маңыздылығы өте жоғары.</p> |

| | | | |
|----|----------------------|--|---|
| 3. | Дербестік қағидасы | Дербестік деңгейі: Жоғары; Орташа; Төмен | Диссертациялық жұмыстың дербестігі жоғары. Себебі, диссертант тарапынан қол жеткізілген әрбір ғылыми нәтиже, ғылыми жаңалығымен айқындалып отыр. Зерттеу барысында, автор өзіндік дербес ғылыми тұжырымдарға қол жеткізе білген. Диссертациялық жұмыста ұсынылып отырған бес ғылыми нәтиже де, өзінің ғылыми жаңалығымен және дербестігімен ерекшеленеді. |
| 4. | Ішкі бірлік қағидасы | <p>4.1 диссертацияның өзектілігінің негізділігі: 1) негізді; 2) ішінара негізді; 3) негізделмеген</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p> <p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара байланысты: 1) толығымен өзара байланысты; 2) ішінара өзара байланысты; 3) өзара байланысы жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар;</p> | <p>1) Негізді. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі veto құқығының отандық заң ғылымында алғаш қойылып, арнайы зерттеліп отырылуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, отандық ғылымда veto құқығын айқындауға байланысты жүйелі еңбектердің болмауы да ғылыми еңбектің өте өзекті екендігін негіздеуге мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі сақталған. Себебі, әрбір нәтиже бірінен-бірі көрініс тауып отырады.</p> <p>1) Айқындайды. Ғылыми зерттеудің мазмұны толығымен тақырыпты айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан да, диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпқа сәйкес деп айтуға болады.</p> <p>1) Сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың мақсаты нақты және оның міндеттерін айқындаған. Әрбір міндет - әрбір ғылыми тұжырымға негіз бола отыра, толығымен бір мақсатты ашуға мүмкіндік берген. Сондықтан да, диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеудің тақырыбына тұтастай сәйкес келеді.</p> <p>1) Толығымен өзара байланысты. Диссертациялық жұмыстың құрылымы тұтастай өзара байланысты. Әрбір бөлім логикалық бөлімшелерге бөлінген. Бұл диссертациялық жұмыстың бірізділігін толығымен аша түседі. Сонымен қатар, жұмыстың әрбір нәтижесі де бірінен-бірі туындап отыр.</p> <p>Диссертациялық жұмыста автор тарапынан отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері сыни талдауға түседі. Сонымен қатар, Қазақстанда veto құқығын қолдану тәжірибесін айқындауда отандық ғалымдардың еңбектерін де, нақты деректер арқылы ғылыми сыннан</p> |

| | | | |
|---|---|--|--|
| | | 2) талдау ішінара; 3) талдау өз пікірі емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | өткізген. |
| 5 | Ғылыми жаңашылдық қағидасы | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелердің жаңалығы? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа) | Зерттеу жұмысында қол жеткізілген нәтижелер толығымен жаңа болып табылады. Диссертациялық жұмыста, автор кең ауқымды тұрғыдағы вето құқығының анықтамасын беріп отыр. Сонымен қатар, Қазақстанда вето құқығын қолданудың тәжірибесі алғаш рет жүйелі түрде нақты құқықтық құжаттармен талданып, жазылған. |
| | | 5.2 Диссертацияның тұжырымдарының жаңалығы? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа) | Диссертациялық жұмыстың қол жеткізілген ғылыми нәтижелері толығымен жаңа. Себебі, отандық заң ғылымында вето құқығы арнайы алғаш рет кешенді тұрғыда зерттеліп отыр. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерінің жаңалығы және негізділігі: <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа) | Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар толығымен жаңа болып табылады. Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар автордың жариялаған еңбектерінде көрініс тапқан. |
| 6 | Тұжырымдардың негізділігі | Барлық жаңа тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге <u>негізделген</u> / негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін). | Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген ғылыми нәтижелер негізінен нақты деректерге сүйеніп, жасалған. Бұл диссертациялық жұмыстың тұжырымдарының негізділігін айқындайды. Тұжырымдардың негізділігі автордың отандық ғалымдар мен шетелдік ғалымдардың дәйектеріне арқа сүйеуден көрініс табады. Диссертациялық жұмыстағы қол жеткізілген бес ғылыми нәтиже де негізді болып табылады. |
| 7 | Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар | Әрбір тұжырым бойынша келесі сұрақтарға жеке –жеке жауап беру қажет: 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 2) дәлелдене түскен; 3) дәлелдене түспеген; 4) дәлелденбеген 7.2 Тривиальды ма? 1) Иә; 2) жоқ | Қорғауға шығарылатын тұжырымдар: 1. Зерттеу жұмысында негізгі отандық және шетелдік әдебиеттер талдана отыра, вето құқығының авторлық өзіндік анықтамасы көрініс тапқан. Бұл ғылыми тұжырым отандық ғылымның осы бағытын дамытуға елеулі үлес қосады. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? Иә, дәлелденген, себебі вето құқығының өзіндік анықтамасы беріліп отыр. 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ |

| | | | |
|--|--|---|--|
| | | <p>7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолданылу деңгейі; 1) тар; 2) орташа; 3) кең.</p> <p>7.4 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә 2) жоқ</p> | <p>7.3 Жаңа ма? Ия, жаңа, Диссертант вето құқығының тарихи-құқықтық эволюциясын кеңінен талдаған.</p> <p>7.4 қолдану деңгейі: 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Бискультанова А.М., У.А. Ахатов, Б.Ж. Куандыков. Право вето как современный политико-правовой институт // Известия НАН РК. Серия социальных и гуманитарных наук. - №3 (325). – 2019 (май-июнь). – С. 211-220.</p> |
| | | | <p>2. Диссертациялық жұмыста вето құқығындағы өкілеттіктердің көлемін автор пассивті және активті мүмкіндіктердің негізінде қалыптасатын өзіндің тұжырыммен көрсетіп берген.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген;</p> <p>7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) иә;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 2) кең;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: Бискультанова А.М. Историко-правовая эволюция вето // Международная научная конференция о характере практических занятий "wiadomości o postesti naukowym i badaniach naukowych naszych czasów. - Краков, Польша. - С. 67-76.</p> <p>3. Диссертациялық жұмыста, вето түрлерінің жіктелуі келесі критерийлер бойынша толықтырылды: а) құқықтық салдары бойынша - абсолютті және салыстырмалы; б) вето құқығының сипаты бойынша - белсенді немесе пассивті; в) ветоны қоюдың көлемі бойынша - толық және таңдамалы; г) құқықтық салдары бойынша - материалдық және іс жүргізу; д) қолданудың құқықтық салдары – императивті және диспозитивті.</p> |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | <p>7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 2) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә 7.4 қолдану деңгейі: 3) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған мақалада дәлелденген: Бискультанова А.М. Вето на создание и учреждение институтов // Наука и жизнь Казахстана. - 2018. - №6(68). - С. 251-260.</p> |
| | | | <p>4. Ғылыми жұмыста егжей-тегжейлі Қазақстанда Президенттің вето құқығын қолданудың эволюциялық дамуы нақты айқындалған. Сонымен қатар, оның кезеңдері де жаңа негіздеге сәйкес жіктелген. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә. Бискультанова А.М. Мировой опыт применения президентом права вето // Вестник КазНУ. Серия юридическая. - 2019. - №2 (90). – С. 162-171. 5. Диссертациялық жұмыста ТМД елдеріндегі, Еуропалық Одақтағы және АҚШ пен Латын Америкасындағы вето құқығының даму тенденциялары көрініс тапқан. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма?</p> |

| | | | |
|---|--|--|--|
| | | | <p>1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: Альбина М. Бискультанова, Айгерим Ж. Жарболова, Уалихан А. Ахатов, Багдат Т. Ауешова Право вето: международный опыт, проблемы и перспективы применения // Kasetsart Journal of Social Sciences. - 42(2021). – P. 1256-1277.</p> |
| 8 | Шынайылық қағидасы. Ұсынылатын қайнар көздер мен ақпараттардың шынайылық қағидасы | <p>8.1 Әдістемені таңдау-негізделген немесе әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған: 1) Иә; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды: 1) Иә; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін Нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді); 1) Иә; 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер <u>расталды</u> / ішінара өзекті ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/расталмаған</p> | <p>Диссертациялық жұмыста әдістемені таңдау негізді және жеткілікті болып табылады. Автор жалпы ғылыми әйдстермен қатар, жеке ғылыми әдістерді өте ұтымды пайдалан отыра, өзінің нақты ғылыми тұжырымдарына қол жеткізе білген.</p> <p>1) Иә. Зерттеу жұмысында автор қазіргі кезеңдегі ғылыми зерттеулердің әдістерін және компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдана отыра, ғылыми нәтижелерге қол жеткізген: https://adilet.zan.kz/kaz/- Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі; https://online.zakon.kz/-Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі; https://prg.kz/- "Параграф" ақпараттық жүйесі</p> <p>Диссертациялық жұмыста маңызды мәліметтер нақты сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың сілтемелері қойылатын талаптарға сәйкес тізімделген. Тақырыпқа қатысты өзекті әдебиеттер де зерттеу жұмысында кеңінен орын алып, нақты сілтемеде белгіленген.</p> |

| | | | |
|----|---|---|---|
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u> | Диссертациялық жұмыста отандық белгілі ғалымдардың еңбектері сарпа пайдаланылған. Сонымен қатар, veto құқығына қатысты шетелдік негізгі ғалымдардың еңбектері кеңінен талдауға түскен. Тақырыпқа қатысты мақалалар да жүйелі түрде шолудан өткен. Бұл диссертациялық жұмыс бойынша тиісті әдебиеттердің жеткіліктілігін көрсетеді. |
| 9 | Тәжірибелік құндылық қағидасы | 9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар: 1) <u>Иә;</u> 2) жоқ, | Зерттеудің қол жеткізген негізгі ғылыми нәтижелерін жоғарғы заң оқу орындарында мемлекет және құқық теориясы және конституциялық құқық пәндерінен дәрістер жүргізуде пайдалануға болады. Осы бағыттағы оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде де өзінің пайдасы ұшан-теңіз. |
| | | 9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималдығы жоғары: 1) <u>Иә;</u> 2) жоқ, | Зерттеу жұмысының қол жеткізілген негізгі байлам-түйіндерін мемлекеттік органдардың күнделікті қызмет тәжірибесінде атап айтқанда, Парламенттің заң шығарушылық қызметінде және Президенттің veto құқығын қолдану барысында кеңінен пайдалануға болады және жұмыстың байлам-түйіндері осы бағыттағы қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. |
| | | 9.3 Тұжырдар тәжірибе үшін жаңа болып саналады ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа), | Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары толығымен жаңа болып табылады. Себебі, диссертацияда отандық және шетелдік әдебиеттердің дәйектеріне сүйене отыра, автор өзінің ой-тұжырымдарын айқын және нақты деректермен бекіте түскен. |
| 10 | Жұмыстың талапқа сай жазылу және рәсімделу сапасы | Академиялық жазу сапасы 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен | Диссертациялық жұмыс академиялық жазу сапасының жоғарғы деңгейін сақтаған. Жазу барысында автор қисынды ойларын нақты дәйектерге сүйене отыра, көрсете білген. Сонымен қатар, жұмыстың жазылуының логикалық бірлігін сақтай алған. Ойын айқын жеткізе білген. Жазудың ғылыми стилінде өте шебер сақтай білген. |

Шешім: «Вето құқығы: Қазақстандық тәжірибе және шетелдік дағды» атты тақырыптағы философия докторы (PhD), дәрежесін алу үшін дайындалған Бискультанова Альбина Маулетказыевнаның диссертациялық жұмысы ғылыми жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және диссертациялық зерттеудегі қорытындылар мен ұсыныстар теориялық және тәжірибелік негізді болып табылады. Жұмыс жоғары деңгейде жазылған. Диссертациялық жұмыс «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйырығының талаптарына сай және Бискультанова Альбина Маулетказыевнаның диссертациялық жұмысы «6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша

философия докторы (PhD), дәрежесін алуға толық лайық деп санаймын.

Ресми пікір білдіруші
Тұран университетінің
құқықтану және халықаралық құқық
кафедрасының PhD докторы

(жұмыс орны, ғылыми атауы)



(қолы)

Мырзатаев Н.Д.
(АЖТ)